

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Үш майданның майталманы



Биыл «тары піскен шақта» тоқсан жасқа толатын Қамқа апаймен сөйлесу қиынға түскен жоқ. Ойын тың, бойын ширақ ұстайтын ер мінезді апа әңгімесін екі тілде бірдей жосылтып отыр. Өмірдің отқа да, суға да салған сынынан әбден ысылып, қайралып шыққан апайды, тіпті, қарттықтың өзі мұқата алмайтындай. Соғыс ардагері әрі геолог-барлаушы қазақ қызының қайсарлығына қайран қаласың.

Ата-анасыз қалған төрт баланың баскөтерері ретінде бауырларына енді қарайлай бергенде, оны Гурьев облыстық комсомол комитеті шақырды. Комсомол мен партияның айтқанын екі етуге ешкімнің құқы жоқ – барды. Өзі құралыптас қыздар бір шоғыр. Ондағылар көп сөйлеген жоқ. «Барлығыңыз майданға алынасыздар. Шақырту қағаздарыңыз – міне! Отан үшін от кешуден бас тартып, қарсы болатындарыңыз бар ма?». Бәрі көнді. Бұл тек жанында отырған әскери жігітке қорғансыз іні-сіңлілерін айтып үлгерді. Сол екен әлгі жігіт 14 жастағы сіңлісін нағашы апасының үйіне қалдырып, екі інісін балалар үйіне тапсырып жіберді. Өзі сол жолы авиацияға алынған Ресей, Қазақстан, Беларусь, Украина қыздары сапында әскерге аттанып кетті.

–1942 жылы жазда Воронеж облысындағы №4 Украина майданының авиация бөліміне түстім. Бомбалаушы әуе кораблінде бомба дайындаушы боп жау тылына бірнеше рет өтіп, от құшағындағы майдан көгінде қалықтадық. Авиация жаумен бетпе-бет келмейді, бірақ, оларға бірінші соққы беретін күш. Біз жаудың орналасқан нүктелерін, қару-жарақ күшін зақым даған соң, жаяу әскер «уралай» алға ұмтылады, – деп еске алады Қамқа апа.

Көптен күткен Жеңіс мейрамы келіп, жұрт мәре-сәре қуанып, босағандар елге аттанып жатқан әсерлі күні бұларды пойызға тиіп, әлдеқайда ала жөнеледі. Қайда баратындықтарын ешкім білмейді. 15 күн жүрген соң «жеттік» деп түсіріп, майданға дайындайды. Осылайша ол №1 Қиыр Шығыс майданындағы №9 әуе армиясы құрамында Жапонияға қарсы соғысқа қайта кіріседі.

– Германияның одақтасы ретінде Жапонияны талқандау үшін тамыз айының 9-ы күні сағат түнгі 12-де соғысты біз бастадық. Әуе кораблінде салмағы 500-1000 килолық қиратқыш бомбалар мен үлкендігі кәмпиттей, бірақ салмағы 1-3 килолық өртегіш бомбаларды люкке әкеліп дайындап қоямыз. Үш жағында истребитель ұшақтар қорғап, бомбаны көздеген нүктелерге дәлдеп және тез тастап үлгеру үшін қос моторлы «Дугльс» атты корабліміз өте қатты жылдамдықпен жүйткіп жүр. Біз белімізден таңулымыз. Осындай қиян-кескі соғыс сәтінде корабліміздің бір моторы отқа оранды. Командир парашютпен секіруге бұйрық беретін емес. Барлығымыз жерге құлап, өртеніп өлеміз деген ой ғана болды. Бұйрық берілісімен, секіре жөнелдік. Жан баспаған елсіз дала, жыртқыш аңдары сыңсыған тыныш орман. Менің парашютім ағашқа ілініп қалды. 40 метрлік жібектен жасалған парашют бір рет пайдаланылған соң, сұраусыз. Кездескен қартқа соны сыйға тартып, оған еріп деревняға келіп, әскери бөлімнің нөмеріне хабар салдырып, әзер жеттім-ау. Кейін «10 минутта 70 шақырым жер ұшып өтіп, сіздерді Кеңес Одағының аумағына жеткіздім. Парашютпен секіруге бұйрық бермеу себебім – сіздерді жау даласында қалдырғым келген жоқ» дейтін ұшқышымыз. Осылайша, елге аға сержант шенімен 1945 жылы қараша айында оралдым.

Екі майданнан есен-сау оралған Қамқа апаны алдында үлкен еңбек майданы тосып тұр еді. Балалар үйіндегі інісінің бірі шетінеген, екіншісі ФЗО-да оқуда, сіңлісі нағашы апасының үйінде. Енді бауырларын біріктіріп, адам етсем деген мақсат қана болды. Осы арманмен жанашыр ағаларының қолдауымен Гурьевтегі «Қазақстанмұнай» Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясына жұмысқа орналасты. Қазақ қызының таланты осы жерде-ақ мойындалып, өзі үшін бұған дейін беймәлім болып келген мұнай ерітінділері зертханасындағы бірегей тұлғаға айнала бастады. Гурьев мұнай техникумын бітіріп, жұмысқа маман ретінде кірісті. Зертханада дайындалатын сазды ерітінді қазылған ұңғымаларды тазалау үшін қолданылады. Жер астының рельефі біркелкі емес, тас та, жарық та, тұз тау да кездеседі. Сондықтан қазу жұмыстары жүргізілгенде бірден-бір қажеттілік ретінде қолданылатын сазды ерітінді өзіндік мемлекеттік стандартқа сай дайындалады. Алайда, құзырлы орындар «Қазақстанда дайындалған сазды ерітінді стандартқа сай емес» деген сын-ескертпелерін үздіксіз қайталаудан танбай тұрған тұс. Мәскеуден, Ленинградтан келген өңкей ығай-сығай мамандар бас алмай жұмыс істеп, үнсіз ойланады келіп. Кезекшілікке қалысымен өзін еркін сезінген Қамқа нұсқаулықты қолына алып, ерітінді құрамына, оны дайындайтын құрылғымен ара-қатынасына, жұмыс

істеу қуаты мен қысым мөлшеріне ден қойды. Ақыры, ағаттықты көбейту коэффициентінен тапты! Жұмысқа тұрғанда менсіндіксіз қыр көрсеткен дәкейлердің мысын ол осылай басқан болатын. Осыдан соң Қамқа қатардағы зертхана қызметкерінен инженер боп көтерілді. Маңғыстау өңірінің игерілуі Қамқа Үмбеталинаның көз алдында өтіп, қолымен атқарылды десек, артық емес. Гурьевтен маман ретінде қысқа күнде қырық рет қатынап, кен іздеу жұмыстарына қатысатын оны «Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресінің бастығы Х.Өзбекқалиев өте қажет маман деп Маңғыстауға шақырды. Аталмыш трестегі химия зертханасының аға инженері болып жүріп Жетібай, Өзен, Солтүстік Бозашы (Қаламқас, Қаражанбас, Арман), Өлі Қолтықтағы Комсомолский, Қарақұдық, Шығыс Жетібай, Қарамандыбас, Тасболат, Донға, Теңге кен орындарының ашылуына атсалысты. Шыжыған жаз бен қаһарлы қыста айдалада кен іздеп жүру оңай шаруа емес. Ол кездегі тұрмыстық қиындық пен құрал саймандардың жетіспейтіндігі өз алдына бір ауыртпалық. Апайдың айтуынша, әсіресе, Солтүстік Бозашыны қазу оңай соқпапты. Мәскеуден, Ақтөбеден келген ғалымдар салы суға кетіп кері қайтып, жұмыстың жауапкершілігі де, қиындығы да жергілікті кадрлардың өз мойнында қалады. Осы сәтте қыз да болса белсеніп шыққандардың бірі – Қамқа апа. Ынтымақты ұжым, сапалы ерітінді күшімен болуы мүмкін апатқа жол бермей, қиындықты еңсеріп тастады бұлар. Білгір маман, тиянақты, іскер Қ.Үмбеталинаның есімі еліміздің, тіпті, ресейлік ғалымдардың, мұнай саласы мамандарының ауызына ілінді. II дәрежелі Отан соғысы орденінің, бірнеше медальдардың иегері майдангер қыз Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы, КСРО Геология министрлігінің жер қойнауын барлау үздігі атанып, еңбек майданының батыры болды.

Химия, физика, биология, география ғылымдарын меңгермей, мықты геолог болу мүмкін емес. Сондықтан, Қ.Үмбеталина үнемі ізденіс үстінде болды. Әсіресе, америкалық ғалымдардың аударма еңбектерін көп оқитын. Мұнай барлау саласында 45 жыл абыройлы еңбек етіп, 1990 жылы дербес зейнеткерлікке шықты. Бірақ, «білгеніңізді жас ұрпаққа үйретіңіз» деген өтініштерді аяқасты ете алмай, оқу комбинатында сабақ берді.

Заты мықты апайдың жады да мықты. Қазірдің өзінде Қамқа апай анау-мынау химигің мен зертхана қызметкерін, тіпті, геолог барлаушыңды сүріндіріп жібере алады. Атырау мен Маңғыстау өңіріндегі кен орындары, олардың зерттелу тарихы, өзіндік ерекшеліктері мен орналасуы, жер қыртысы, олардан кенді алу тәсілдері, ерітінді түрлері, құрамы мен дайындау әдістері жайында көмбе көкірек Қамқа апай ғылыми-техникалық тақырыпта камшы салдырмайды. Тыңдаған жастарға айтары көп, көрген-білгені, тәжірибе-тағылымы кітапқа жүк. Өткен жылы Елбасы Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды. Мұнай саласындағы басшы азаматтар, Маңғыстау жұртшылығы тік тұрып сыйлап, құрмет тұтады. Тек апайға соққы болған – жалғыз ұлының мезгілсіз қазасы. Ендігі бар үміті, қызығы – Алматыда мұнай саласында ағылшын тілінде жоғары білім алып жүрген, қызыл дипломнан үміткер немересі Руслан. Бір жақсысы, екі соғыс пен еңбек майданын басынан өткерген батыр апаға жол жүру тегін екен. Өзіне сенімді ол әңгіме-дүкен бітісімен, бір өзі Атырауға тойға аттанып кетті. Осы кісінің бойындағы тектілік, бекзаттық, қайсарлық әрбір қазақ қызында болса ғой деген әсерде қалдым мен.

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ